



Нархоз Университетінің  
Экономикалық колледжінің  
Бас директоры  
Абайдуллаев М.С.  
\_\_\_\_\_ 2025ж.

**«Turnitin» антиплагиат жүйесі туралы ереже**

Алматы, 2025 жыл

## **Жалпы ережелер**

Ереже плагиатты анықтау және алдын алу бойынша жұмыстарды тексеру тәртібінің жұмыс істеу тәртібі мен ережелерін, сондай-ақ «Нархоз университетінің Экономикалық колледжі» мекемесінің құрылымдық бөлімшелерінің «Turnitin» плагиатқа қарсы жүйесін (бұдан әрі – Turnitin жүйесі) пайдалану механизмін айқындайды.

Жұмыста авторлықты немесе қосалқы авторлықты заңсыз иелену және/немесе заңсыз пайдалану, соның ішінде идеяларды, гипотезаларды, тұжырымдарды, әдістерді, зерттеу нәтижелерін, кестелерді, кодты, суреттерді заңсыз пайдалану және/немесе иелену, өзге біреудің ойларын қайта жазу, мәтінді синонимдермен алмастырып баяндау арқылы мазмұнын өзгертпестен алынған мәтінді сілтемесіз беру, сондай-ақ оларды заңсыз пайдалану және/немесе иеленуге бағытталған басқа да әрекеттер, сонымен қатар мәтінге сілтеме жасалғанымен, оның көлемі мен сипаты жұмыстың түпнұсқалығын айқындайтын жағдайларға мүмкіндік бермейді.

Плагиатты анықтау және оның алдын алу рәсімі «Нархоз университетінің Экономикалық колледжі» білім алушыларының курстық жұмыстарына, дипломдық (жобалық) жұмыстарына және кәсіби практика бойынша есептеріне міндетті түрде қолданылады.

Сондай-ақ плагиатты анықтау және оның алдын алу рәсімі оқу-әдістемелік құралдарға және әдістемелік әзірлемелерге де қолданылады.

Адал емес түрде алынған дәйексөздер немесе плагиат – бұл өзге дереккөздерден алынған жұмыс/идеяларды дереккөзге сілтеме жасамай және авторлығын өзіне меншіктеп ұсыну (немесе шығарманың бір бөлігін өзіне телу) ретінде түсіндіріледі.

Адал дәйексөз алу – бұл жарияланған жұмыстарды/идеяларды дереккөзге сілтеме жасай отырып, жалпыға бірдей қабылданған дәйексөз беру стиліне сай мәтіннің өзінде де, пайдаланылған әдебиеттер тізімінде де рәсімдеп колдану.  
Жасанды интеллекттің (ChatGPT және басқа нейрондық желілердің) көмегімен толықтай немесе ішінара орындалған жұмыстар жарамсыз деп танылады.

Дипломдық (жобалық) және курстық жұмыстарды, кәсіби практика есептерін тексеру жауапкершілігі тиісті ғылыми жетекшілерге жүктеледі.

### **Бақылау жұмыстарын қойылатын талаптар**

Жұмыс мәтіні «Turnitin» жүйесі қолдайтын форматтардың бірінде (MS Word, WordPerfect, PostScript, PDF, RTF, көлемі 100 МБ-тан аспауы тиіс) ұсынылуы қажет. Электрондық файл атауында жұмыстың авторының (авторларының) толық аты-жөні және тексерілетін жұмыстың түрі көрсетілуі тиіс: есеп, дипломдық жұмыс (жоба), ғылыми мақала, оқулық, оқу-әдістемелік құрал, электрондық оқулық, эссе және т.б.

Жұмыстың электрондық нұсқасындағы мәтін қағаздағы нұсқасымен бірдей болуы тиіс. Мәтінде қолданылған таңбалар әліпбиге сәйкес және бір ғана әріппен жазылуы қажет, яғни (мысалы, орыс тіліндегі мәтін орыс әрпімен, қазақ тіліндегі мәтін қазақ әрпімен, ағылшын тіліндегі мәтін ағылшын әрпімен) және т.б. жазылуы керек.

### Жұмысты тексеру процедурасы

Колледж білім алушыларының дәйексөздер мен плагиаттың бар-жоғын тексеруге жататын жұмыстары TEXT.RU, CONTENT WATCH.RU, KILLER-ANTIPLAGIAT.RU сияқты жүйелерді пайдалана отырып, студенттің өзі тарапынан дербес тексеріледі.

Колледж білім алушылары жұмысты алдын ала қорғау және кафедрадағы нормативтік бақылау рәсімінен өткен соңғы нұсқасында, қорытынды аттестацияның белгіленген мерзімінен кемінде он жұмыс күні бұрын тапсырады (бекітілген Академиялық күнтізбе мен тиісті оқу жылына арналған қорытынды аттестация кестесіне сәйкес).

Жұмыстың электрондық нұсқасына қоса, оны цифрлық дерекқорда өңдеуге және сақтауға келісім беру туралы қол қойылған өтініштің сканерленген көшірмесі қоса тіркеледі (1, 2-қосымша).

Жауапты тұлғалар білім алушының жұмысын қамтамасыз етуге және бекітілген кестеге сәйкес соңғы нұсқадағы файлды плагиат пен дәйексөздің бар-жоғын тексеру үшін Google Disk жүйесіне жүктеуге міндетті.

Ақпараттық технологиялар бөлімі тексерілген жұмыстар бойынша «түпнұсқалық туралы куәлікті» 7 жұмыс күні ішінде әзірлейді және оны жетекшілерге тапсырады.

«Turnitin» жүйесінде тексерілген әрбір жұмыс бойынша ұқсастық индексі қалыптастырылады және ол ғылыми жетекші тарапынан талданады.

«Нархоз университетінің Экономикалық колледжінің» жетекшісі/қызметкері толық ұқсастық индексін талдайды және адал емес дәйексөздің бар-жоғы туралы міндетті түрде қорытынды береді.

Талдау барысында колледждің жетекшісі/қызметкері ұқсастық индексін интерпретациялау ережелерін басшылыққа алуы тиіс және келесі жайттарға ерекше назар аударуы қажет:

- жұмыста жүйе ұқсастық индексі ретінде анықтаған ірі мәтін бөліктері бар ма;
- бір дереккөзден алынған шамадан тыс көлемдегі ықтимал дәйексөздер бар ма;
- жұмыста автордың өзін-өзі дәйексөздеуі бар ма және оның көлемі қандай;
- жұмыста аударма арқылы алынған дәйексөздер бар ма;
- ықтимал дәйексөздер мен үзінділерге пайдаланылған дереккөздер мен/немесе материалдарға сілтемелер жасалған ба.

Ұқсастық индексін талдағаннан кейінгі жетекшінің шешімі оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі бас директордың орынбасарына беріледі. Осы

шешім негізінде қорғауға жіберу/жібермеу туралы қорытынды жасалып, оқу бөліміне тапсырылады.

Осы ережеде қарастырылмаған шараларды қабылдау тәртібіне қатысты барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және колледждің ішкі ережелеріне сәйкес бас директордың шешімімен реттеледі.

### **Ұқсастық есебін түсіндіру ережелері**

Turnitin жүйесінде ұқсастық индексінің «толықтығы» жүктелген жұмыстағы дәйексөздер мен сәйкес келетін бөліктерді жүйенің өз деректер базасымен салыстыра отырып қаншалықты толық әрі дәл анықтайтынын білдіреді. Толықтық — жұмыстағы мәтіннің қандай бөлігі Turnitin деректер базасына енгізілген материалдарға сәйкес келетінін көрсетеді.

«Turnitin» жүйесіндегі индекстің толықтығын қалай түсінуге болады:

#### *1. Ұқсастық пайызы:*

Толықтықтың негізгі көрсеткіші — есепте көрсетілген сәйкес келу пайызы. Мысалы, егер жұмыс 25% сәйкес келсе, бұл мәтіннің 25%-ы жүйеде қолжетімді басқа дереккөздерден табылғанын білдіреді. Алайда, барлық сәйкестіктерді плагиат деп түсінуге болмайды — олардың кейбіреуі қарапайым дәйексөздер немесе жалпыға ортақ тіркестер болуы мүмкін.

#### *2. Сәйкестіктердің түрлері:*

Есепте сондай-ақ сәйкестіктердің әртүрлі санаттарға қаншалықты жататыны көрсетіледі: тікелей дәйексөз, қайта баяндау (парафраз) және т.б. Бұл материалдардың нақты қалай алынғанын жақсырақ бағалауға көмектеседі.

#### *3. Сәйкестіктің дереккөзі:*

Есептен жұмысыңызбен сәйкестіктері бар нақты қандай дереккөздер екенін көруге болады. Бұл дәйексөздердің контекстін түсінуге көмектеседі және әдеби дереккөздердің қалай пайдаланылғанын бағалауға мүмкіндік береді.

#### *4. Сәйкестіктерді талдау:*

Тек сәйкес келу пайызына ғана қарап қоймай, қай мәтін бөліктері сәйкестік ретінде анықталғанын мұқият талдау маңызды. Дәйексөздерді дұрыс рәсімдемеуден туындаған жоғары пайыз адал емес дәйексөздерге қатысты мәселені көрсетуі мүмкін, ал дұрыс рәсімделген дәйексөздер арқылы алынған сәйкестіктер қабылдауға болатын жағдайлар болуы мүмкін.

#### *5. Талдаудың толықтығы:*

Turnitin мәтінді әртүрлі тереңдікте талдауға мүмкіндік береді, бұл пайдаланушыға дереккөздерді және дәйексөздерді пайдалану жайлы толық көрініс алып, тексеріп бағалауға жол ашады.

Толықтықты интерпретациялау әдісі:

Контекст: жұмыстың мазмұндық аясын ескеру маңызды. Сәйкестік пайызы жалпыға ортақ терминдер мен тіркестер жиі қолданылатын салада жоғары болуы мүмкін, бірақ бұл міндетті түрде плагиат бар дегенді білдірмейді.

Дәйексөздердің сапасы: егер жұмыста дұрыс рәсімделген көптеген дәйексөздер мен дереккөздер тізімі болса, толық талдау жұмыстың адал орындалғанын көрсетуге көмектеседі.

### **Сәйкестік дегеніміз не?**

«Turnitin» жүйесі мәтінді плагиатқа тексермейді. Ол жүктелген жұмысты өзінің дерекқоры мен интернет-ресурстардағы ақпаратпен салыстырады. Егер мәтінде дерекқордағы немесе ғаламтордағы көздермен сәйкестік табылса, «Turnitin» жүйесі бұл үзінділерді белгілеп, оларды талдап, бағалауға мүмкіндік береді.

Тексеріліп жатқан жұмыстың белгілі бір бөліктерінде сәйкестіктердің болуы – бұл табиғи құбылыс. Егер жұмыс авторы дәйексөздерді қолданса және дереккөзін дұрыс көрсетіп, рәсімдесе, мұндай жағдайлар сәйкестік ретінде көрсетіледі. Ұқсастық көрсеткіші жұмыстағы мәселелі аймақтарды айқындап көрсетеді. Бұл деректер сәйкестіктің қабылдауға болатынын немесе болмайтынын анықтау үшін қажет.

### **Сәйкестік көзі**

Turnitin жүйесінде табылған әрбір сәйкестіктің өз көзі болады. Сәйкестік көзі – бұл нақты сәйкестік табылған орын. Ол веб-парақша, автордың жұмысы немесе жарияланған журнал болуы мүмкін. Көздер аналитика панелінде нөмірлік ретпен көрсетіледі және әрбір дереккөзде бірнеше сәйкестік болуы мүмкін. Белгілі бір дереккөзді таңдағанда, сол дереккөзден табылған сәйкестіктер саны және әр сәйкестіктің орналасуы (веб-парақшада, автордың жұмысында немесе журналда) көрсетіледі.

### **Сәйкестік деңгейін бағалау диапазоны**

Ұқсастық индекстері жіберілген жұмыста табылған мәтіннің сәйкес келуі немесе жоғары ұқсастығы туралы ақпарат береді. Ұқсастық индексі қарауға қолжетімді болған кезде, мәтіннің сәйкестік (ұқсастық) пайызы да көрсетіледі. Әлі жасалып бітпеген ұқсастық индекстері сәйкестік бағанында сұр түсті таңбамен белгіленеді. Қолжетімсіз индекстер — бұл әлі құрылмаған немесе тапсырма параметрлеріне байланысты индекстің жасалу уақыты кешіктірілген жағдайлар болуы мүмкін.

Индекстің таңбасының түсі жұмыс ішінде табылған сәйкес немесе ұқсас мәтіннің мөлшеріне негізделген ұқсастық бағасын көрсетеді. Пайыздық мәндер диапазоны 0%-дан 100%-ға дейін құрайды.

Мүмкін ұқсастық диапазондары:

- Көк: мәтіндік сәйкестік жоқ – 0%;
- Жасыл: жеке сөздер немесе мәтіннің аз бөлігі сәйкес – 0–25%;
- Сары: мәтіннің 26–50% аралығында сәйкестігі бар;
- Қызғылт сары: мәтіннің 51–75% аралығында сәйкестігі бар;

- Қызыл: мәтіннің 76–100% аралығында сәйкестігі бар.

Жұмысты қорғауға жіберу диапазоны:

- Егер мәтіннің сәйкес келуі 25%-дан аз болса, жұмыс қорғауға жіберіледі.
- Егер мәтіннің сәйкес келуі 25%-дан жоғары болса, жұмыс білім алушыға 1 (бір) рет қайта өңдеуге қайтарылады.
- Егер қайта тексеруде де мәтіннің 25%-дан жоғары сәйкес келуі анықталса, жұмыс жойылады, ал білім алушы аттестацияға жіберілмейді. Жұмыс қайтарылған жағдайда, ғылыми жетекші білім алушымен бірге жұмысты талдап, келесі күннен кешіктірмей қайта тексеруге тапсыруы тиіс.

### **Қорытынды**

Осы Ереже Колледждің Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітіледі. Осы Ереженің қолданылу мерзімі шектелмеген. Аталған Ереженің қолданылуын тоқтату немесе күшін жою Колледждің Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады.

Нархоз университетінің Экономикалық колледжі оқытушысының /  
қызметкерінің плагиатты анықтау және алдын алу ережелерімен танысқанын  
растайтын өтініш үлгісі

### ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ӨТІНІШІ

Мені «Нархоз университетінің Экономикалық колледжінде» қолданыстағы  
«Turnitin» антиплагиат жүйесі арқылы плагиатты анықтау және алдын алу  
туралы Ережемен таныстым және оны сақтауға міндеттенемін.

Оқытушының / қызметкердің Т.А.Ә. және лауазымы (құрылымдық  
бөлімшенің атауын міндетті түрде көрсету керек)

---

---

Күні: \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

Білім алушының өтініш үлгісі

### БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ӨТІНІШІ

Мен жұмысымның дербес орындалуын тексеруге қатысты ережелермен таныстырылғанымды растаймын. Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, мен плагиатты анықтау және оның алдын алу рәсімін жүргізу мақсатында жұмысымды өңдеуге, сондай-ақ оны жүйенің сандық деректер базасында сақтауға келісімімді беремін.

Білім алушының Т.А.Ә.

---

Курс \_\_\_\_\_

Жетекшінің аты-жөні және лауазымы (міндетті түрде атауын көрсету)

---

---

---

Менің жұмысым екенін “

---

---

---

”

- өзімнің тарапымнан өз бетінше орындалғанын;
- Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңына сәйкес авторлық құқықтарды бұзбайтынын;
- заңсыз жолмен алынған мәліметтер мен ақпараттарды қамтымайтынын;
- жазбаша нұсқасымен бірдей екенін мәлімдеймін.

Күні: \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_